


Бекітемін: 


Мектепалды даярлық МАД тобының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы







Білім беру ұйымы: Көсембай негізгі мектебі

Топ: Мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 07.11 – 11.11. 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 07.23	Сейсенбі 08.23	Сәрсенбі 09.23	Бейсенбі 10.23	Жұма 11.23
13:30-13:40 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Құрылыс ойыны: «Менің көшем» Мақсаты: балалардың ой-қиялын дамыту, құрылыс материалдарын ұғалай пайдалану керектігін меңгеру.	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Үстел үсті театр ойыны: «Тазалық айнасы» тақырыптар бойынша сюжетті суреттер қарастыру. Балалармен ұқыпты туралы әңгімелесу.	Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі (іс әрекет арқылы қимылды ойын). Ойын жаттығу: «Жолаушылар» Мақсаты: Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.	Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Саусақ ойыны: «Тазалық әлемі» Балалармен әдепті бала туралы әңгімелесу. 	Сурет салу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті (өнер орталығында сурет салу); Үстел үсті ойындары: «Бағдаршамды құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту.

					
<p>Жаттығу</p>	<p>№1 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №1 Аяқ сәл алшақ, қол иықта алға, артқа есу. Қолды алға созып, қайшылау. Сағаттың тіліндей иіліп оңға бір, сағаттың тіліндей иіліп солға бір Аяқ сәл алшақ, тізелері түзу, аяқтың ұшына қол тигізу, БҚ қа келу. Қоян секіреді, ат шабады, құс ұшады, аю қорбаңдайды, адам жүреді Кілемге жатып аяқты көтеру, велосипед тебу, қалыпқа келу. Жерге жатып, балықша жүзу, қолдарын сермеу, қалыпқа келу. Аяқтың ұшына көтерілу, демді ішке тартып, қайта шығару.</p>	<p>№2 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №2 Аяқ бірге, қолдарын алға созу, жоғары көтеру, жанға созу Қол белде, оңға, солға иілу. Отырайық жүрелеп, Гүлді үзіп алайық. Орнымыздан түрегең Басқа гүлге барайық. Қолдары белде. Оң аяқпен бес рет, сол аяқпен бес рет секіру Қолдары иықта. Алға, артқа есу. Кілемге жату, аяқты созу, қайшылау, түсіру. Саппен жүріп өту. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рақмет»</p>	<p>№3 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №3 Шеңберде аяқтың ұшымен өкшелеп жүру. Қол белде, оңға, солға бқырылыстар жасау. Қолдарын екі жаққа жайғызып, «Көбелек» жаттығуын жасату: ұшады, гүлге қонады, шырынын сорып, қайта ұшады. Қолдарымен күбідегі қымызды піскендей әрекеттер жасайды. Оң және сол қолдарын кезек көтеріп, еседі. Кілемге жатып, аяқты жоғары көтеріп, велосипед тебу. Аяқ бірге, қолдарын еңкейіп аяқ ұшына тигізу, қайта тіктелу.</p>	<p>№4 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №4 «Маған қарай жүгіріңдер» ойыны. Топтасып бір бағытта жүгіреді. «Торғайлар болып ұшайық»: жан жаққа жеңіл жүгіреді. Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады. Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, «қоянша» секіру. Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу «Құстай қанат самғайық» жаттығуы Тік тұрып, қолды бүйірге қойып, аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу. Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру. Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру.</p>	<p>№5 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №5 Сапта тұрып, бірінен кейін бірі тізіліп жүру, жүгіру, аяқ ұшымен жүру. Шеңбер жасап тұру Тік тұрып, қолды алға, жоғары, жанға созу, төмен түсіру. Екі қолды жайып, көбелекке ұқсап ұшу, бір орында ақырын айналу, қону. Қоянша секіру, аюша қорбаңдау. «Балапандар жем шоқыды» жаттығуы: Отыра қалып саусақтарымен еденді тырсылдату Дем алып, дем шығарып, жай жүріспен шеңбер бойы жүру</p>

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер					
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті 14:15-14:40					
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Дыбыстар әлемі. ҮІӨ мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. Дағды: Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді айтылған дыбыспен айтады. Түсінеді: дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын. Қолданады: дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады. Тыйым сөздерді сөз барысында қолданады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Ең тәтті дүние ҮІӨ мақсаты: Дауыссыз дыбыстар. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарды жалпылама түсіндіру; Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту. Дағды: Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: әңгіме мазмұнын айта алады, жаңылтпашты жылдам айтуға жаттығады; Түсінеді: хайуанаттарға қамқорлық көрсету керек екенін; Қолданады: дыбыстарды дауысты, дауыссыз деп екіге бөле алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Таңдап ал да, атын айт». Ойын шарты: Аңдар мен жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді. Әдіс-тәсілдер: Жаңылтпаш жаттау Жаңылтпашты қайталау</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Дыбыстар әлемі. ҮІӨ мақсаты: дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. Дағды: Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді айтылған дыбыспен айтады. Түсінеді: дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын. Қолданады: дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады. Тыйым сөздерді сөз барысында қолданады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға</p>	<p>1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Әжесін қайсысы жақсы көреді? ҮІӨ мақсаты: Дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру. Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу. Дағды: Дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жаттаған өлеңнің тақырыбын және авторын біледі, дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады, сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: күзден кейін қыс мезгілі келетінін, суретші тілінде «табиғатты пейзаж» деп айтатынын, қарды ақ мақтаға, көбелекке теңеуге болатынын; Қолданады: суретке қарап өлеңді жаттайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Дидактикалық ойын: «Дыбыстарды дауыстап айтайық». А-а-а, ә-ә-ә. Дауыссыз дыбыстарды айтқызып қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды тапқызу: б, в, г</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы. Буын Мақсаты сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру. «Сөз жарыс» дидактикалық ойыны – Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.</p>

	<p>қайталау. «Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру. «Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау</p>	<p>арқылы балалардың тілін жаттықтырады. Қай тай лақтай? Қай лақ бармақтай? Сауат ашу Тақырыбы:Буынға бөлейік ҮІӨ мақсаты: сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіруді жалғастыру. Дағды: Сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі. Буындарды бөліп жеке айтады. Түсінеді: бір буында бір дауысты дыбыс барын. Қолданады: сөздегі буынның екінші жартысын табады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат» – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау. «Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру. «Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау. Түсіну: «Буынға буын қос» дидактикалық жаттығуы Мақсаты: басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу. Ойын шарты: балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа</p>	<p>жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20 рет қайталау. «Саңырауқұлақ» – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру. «Алтыбақан» – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке созу. Осылай 10–15 рет қайталау</p>	<p>т.б. Дәптермен жұмыс Дәптердегі тапсырма орындалады. Ойын шарты: Педагогтің көмегімен балалар дәптердегі суреттер қандай дауыссыз дыбыстан басталып тұрғанын айтады</p>	
--	---	---	---	---	--

		<p>бөліп, өткізуге болады. Жылдам ойлап, келесі буынды табу. Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды. Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын). Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қарға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , әтеш, же-лім, қа-ғаз, қайшы, қалам, кі-тап.</p>			
--	--	--	--	--	--

1 үзіліс -

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Зейінді шоғырландыруға арналған ойын: “Пойыз - эстафеталар”

Басты мақсат: *баланың зейінінің тұрақтылығын дамыту.*

	<p>Ойын: “Пойыз - эстафеталар” Мақсаты: балаларды <u>ойынның шартын бұзбай ойнауға</u>, белгі бойынша қимыл-қозғалыс <u>жасауға дағдыландыру</u>, зейіндерін, <u>байқағыштықтарын</u>, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Бағанада тұрған (8-12 адамнан) топтар алдында сызық жүргізіледі, ал әрқайсысынан 10-12м қашықтықта тұрақтар (зат толтырылған доптар) тұр. Белгі бойынша топтың бірінші номерлері тұрақты айналып өтеді (сағат тіліне қарсы), бастау сызығына бағытталады. Олар өз бағанасының жанынан өтіп, оны артынан майыстырып, тұраққа жүгіреді. Олар бастау сызығына келгенде, олардың белдерінен ұстап екінші номерлер қосылады да, кедергіні ойыншылар бірге өтеді. Топты айналған соң оларға екіншісі қосылады және т.с.с. Барлық топ, пойыз вагоны секілді, өткенде ойын бітеді, яғни соңғы ойыншы бастау сызығына өтеді. Ойында көп ауыртпалық бірінші ойыншыға түседі, сондықтан қайталау кезінде қатысушылар керісінше ретпен орналасады.</p>
---	--

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 14:50-15:15

2. Математика негіздері	2. Математика негіздері	2. Көркем әдебиет Тақырыбы: Әдептілік	2.	2. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Су-тіршілік көзі
-------------------------	-------------------------	--	----	--

	<p>Тақырыбы Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш</p> <p>Мақсаты: : геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру .</p> <p>«Сипаттап табу» дидактикалық ойыны Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атай</p>	<p>Тақырыбы Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш</p> <p>Мақсаты: : геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру .</p> <p>«Сипаттап табу» дидактикалық ойыны Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атай</p>	<p>әлемі ҮІӨ мақсаты: Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Дағды: Сурет бойынша әңгіме құрауда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілет дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, атын, мазмұнын айтады, өленді жаттайды; Түсінеді: өлеңнің мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, өлең жанрын ажыратады; Қолданады: өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, қайталап айтып береді. Қарым-қатынас жасауда өзі туралы қысқа мәлімет береді. Әдептілік туралы сөздерді есіне сақтайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>		<p>ҮІӨ міндеттері: Судың қасиеттерін таныстыру. Танымдық мүмкіндіктерін арттыру, тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жұмбақ шешу.. Білу: Сөздіктер Табиғат-природа- nature, су- вода-water, Жаңбыр-дождь-rain, ағаш- дерево-tree, күн-солнце-sun, жел-ветер-wind, торғай –воробей-sparrow, гүл-цвет-flowes</p> <p>Түсінеді: Жұмбақтар 1. Аяқсыз - ақ жорғалайды, жүреді. Ауызы да жоқ, сыңғырайды, күледі. Онсыз бірақ жер бетінде тіршілік жоқ, Айтыңдаршы, осыны кім біледі. Су 2. Өзі көк, көлеңкесі жоқ.</p> <p>3. Қыста шыны боп қатады, жылыда су боп жатады.. Мұз. 4. Көзге көрінгенмен Ұстасаң қолға ілінбейді. Бу. Қолданады: Өлең жаттау Сылдыр-сылдыр, сылдыр су Сылдыр суға бетінді жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайын.</p>
--	---	---	--	--	--

2 үзіліс –


Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекеті

Көру және кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: Көру және кеңістік қиялын дамыту; шығармашылық қиял дағдыларын қалыптастыруды .

<p>Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Қалай жүріп, нені тапқын келеді?»</p> <p>Ойын: «Қалай жүріп, нені тапқын келеді?»</p> <p>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру</p> <p>Жасы: 5-6 жас аралығы</p> <p>Қажетті заттар: ойыншықтар немесе суреттері.</p> <p>Ойын барысы: педагог ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «алдыңда қуыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран, қалай жүріп, нені тапқын келеді?»</p> 	<p>Сюжеті-рөлдік ойын</p> <p>Тақырыбы : «Билайн бірлестігі»</p> <p>Мақсаты: Балаларды өздері рөлдерді бөлініп, рөл бойынша әрекет етуге үйрету. Ойында әлеуметтік шындықты, қоғамдық жерлерде мәдениеттілікті, ұжымдық әдепті, сөйлеу әдебін көрсету, топтық жұмысқа еніп, өзіне керекті жақтарды таба біліп, тапсырмаларды орындау сапасын бағалауға үйретіп, бірлестік дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Жағдаят: Байланыс операторының жұмысы; Телефондар және басқа да байланыс құралдарын сату менеджерінің жұмысы; Жөндеу шеберханасы; Қызметті төлеу; Анықтама қызметі Келушілерді шақырудың электрондық жүйесі.</p> <p>Тәрбиешінің іс-әрекеті: Келуші ролінде сюжетті ұйымдыстыруға көмектеседі, телефондарды қайда жөндеуге болатынын сұрайды, ақшаны шотқа қалай салатынын, қызметті қайда төлеуге болатынын, жаңа телефондарды қашан стальмға түсетінін сұрайды және т.б. Келушілерді шақырудың электрондық жүйесін ұйымдыстыруға көмектеседі.</p> <p>Балалардың іс-әрекеті: Анықтамалық қызметі телефондарды, сатып алу бөлімдерін жарнамалайды, жарнамалық проспектілерді үлестіріп, журналдарды қарауға кеңес береді. Қызмет көрсету персоналы</p>	<p>Сюжеті-рөлдік ойын</p> <p>Тақырыбы : «Жылжымалы мүлік агентігі»</p> <p>Мақсаты: Ойында бірнеше іс-әрекетті логикалық байланыстыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру, өздері рөлдерге бөлініп сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету. Балалардың қоршаған орта туралы түсініктерін әлеуметтік, ортадағы белсенділіктерін кеңейту ,жылжымалы мүлік агентігі туралы білімдерін бекіту, ересектер тарапынан болатын әр-түрлі ұстанымдар мүмкіндігін көрсету.</p> <p>Жағдаят: Жарнамамен таныстыру ; Жылжымалы мүлікті тандау; Жылжымалы мүліктің орналасу жерін талқылау ;Безендіру мен жоспарлаудың ерекшелігіне тоқталу. Келісім сөзді хаттау ; Сатып алымға ақша төлеу Құжаттарды хаттау .</p> <p>Тәрбиешінің іс-әрекеті: Сатып алушы ролінде менеджермен сөйлесу үлгісін көрсетеді : Пәтерде неше бөлме болу керек, қандай қабатта , қай ауданда , қаланың картасынан көрсетуді сұрайды.</p> <p>Балалардың іс-әрекеті: Агенства менеджері келушілерді жарнамамен таныстырады ,сатып алуға мүмкіндіктері бар сатылыммен таныстырады, Сатып алушылар үй мен пәтерлер фотосуреттерін қарап ,қайда орналасқанын балабақша, аялдама жақынба екенін қарайды. Агентер жылыжымалы мүлікті</p>	<p>Сюжеті-рөлдік ойын</p> <p>Тақырыбы : «Химиялық тазалау»</p> <p>Мақсаты: Рөлді сапалы орындаудың ортақ іс-әрекетін қалыптастыру. Керек жағдайда ауыстыру заттарын қолдана білуге. Ойынның қызмет көрсету ортасын көрсете білу , химиялық тазалау бөлімінің жұмыскерлері жайында білімдерін толықтырып. Ойлау қабілетімен сөйлеу тілін дамыту.</p> <p>Жағдаят: Тапсырыс алу; Тапсырысты хаттау; Тапсырысқа төлеу ; Киімді тазалау; Жаңа тазарту құралдарын табу үшін зерртхананы қолдану; Тапсырысты жеткізу. Орындау; Тапсырысты жеткізу.</p> <p>Тәрбиешінің іс-әрекеті: Химиялық тазарту директоры ролінде жұмысшыларды басқарады , әдеп ережелерін ескеріп , келушілер ыңғайын жасайды: олар үшін орындықтар мен үстелдер қояды, үстелге журналдар қояды .жұмысшыларға түстік үзілісті ескертіп , асханаға тамақтануға шақырады.</p> <p>Балалардың іс-әрекеті: Клиенттер кір киімдерді әкеледі, қабылдаушыға тапсырып , ақша төлейді, Квитанцияны алады таза киімдерін алған соң алғыс білдіреді , Қабылдаушы кір киімдерді қабылдап , квитанция жазып кір жуушыға береді, тапсырысты телефон бойынша</p>	<p>Сюжеті-рөлдік ойын</p> <p>Тақырыбы : «Сақтау қызметі»</p> <p>Мақсаты : Әлеуметтік шығармашылық орта қалыптастыру , ойынның сюжетіне байланысты топтарға бөлініп, ойын аяқталған соң бір ұжымға жинала білу әдетін қалыптастыру . Сақтау қызметкерлерінің жұмыстары, олардың күтпеген жағдай туғанда қажеттілігі жайында түсінігін молайту . Балалардың сөйлеу тілін дамыту .</p> <p>Жағдаят: Дабыл бойынша шақыру; Жағдай болған жерді қарап, сақтау қызметкерлерін бірнеше топтарға бөлу; Арнайы техникалық құрал жабдықты пайдалану; Жазғырылғандарды құтқару Алғашы медициналық көмек көрсету ; Жағдай болған жерге керекті жабдықтарды жеткізу ;</p> <p>Тәрбиешінің іс-әрекеті: ТЖМ басшысы ролінде жағдай болған жерге шығар алдында арнайы құрал-жабдықты естеріне түсіртіп, арнайы үйретілген иттермен бағыттаушыларды, жедел жәрдемді шақырады .</p> <p>Балалардың іс-әрекеті: Сақтау қызметі диспетчер сызба бойынша жағдай боған жерде жанатын қызыл отшаларды бақылап , желі бойынша , қандай сақтау қызметінің жұмыс атқаратынын қадағалайды ТЖМ әр түрлі жағдайдада , әр уақытта ауа райы болжамына да қарамай қызмет көрсетеді, адамдарды табу үшін иттермен жұмыс істейді . Арнайы техника жүргізушісі</p>
---	--	--	---	--

 <p>телефондарды ұсынып, бағасын, нөмірін айтады, телефонды тіркеп, паспортын береді, телефон шотына ақша салуға ұсынады, телефонды қолдануға үйретеді. Клиент телефонды таңдап, шотына ақша салады. Кассир ақшаны қабылдайды. Жөндеушілер телефонды алып, қарастырып, сынығын анықтап, жөндеп, тапсырыстың орындалу уақытын айтады.</p>  	<p>тіркейді (үй, пәтер, жеңіл көлік.) Салық инспекторы жылыжымалы мүлікке салықты анықтайды, Нотариус сатып алымды растайды.</p> 	<p>қабылдап, жүргізушілерді мекен жай бойынша жібереді. Кір жуушы кірді жуады. Лаборант киімдерді қарап дақты тауып, жуу үшін ұнтақты қолданады. Оператор киімдерді алып тазартады тапсырыс берушіге қайтарады. Жеткізу қызметі киімдерді мекен жайларға жеткізеді, жүргізушілер жуылған заттарды бала бақша т.б. жерлерге жеткізеді.</p> 	<p>зардап шекендері тамақ киімен қамтамасыз етеді. Өртен сақтандыру қызметі өртті болдырмайды. Жедел жәрдем науқастың шақыру бойынша қызмет көрсетеді. Фотоға түсірушілер ТЖМ мен жағдай болған жерді фотоға түсіреді.</p> <p>Өрт сөндіруші</p>  		
<p>3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті уақыты: 15:25-15:50</p>					
	<p>3. Көркем әдебиет Тақырыбы:Әдептілік әлемі ҮІӘ мақсаты: Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағыландыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Дағды: Сурет бойынша әңгіме құрауда сюжеттің бірізділігін сақтау,</p>	<p>3. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Су-тіршілік көзі ҮІӘ міндеттері: Судың қасиеттерін таныстыру. Танымдық мүмкіндіктерін арттыру, тәжірибе жасай білу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жұмбақ шешу.. Білу: Сөздіктер Табиғат-природа- nature, су-вода-water, Жаңбыр-дождь-gain, ағаш дерево-</p>	<p>3. Қазақ тілі Тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы ҮІӘ мақсаты: әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету. Дағды: мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге,</p>	<p>3. Қазақ тілі Тақырыбы: Жақсы өнеге ҮІӘ мақсаты: қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Дағды: сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана</p>	<p>3.</p>

	<p>шығармашылық қабілет дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, атын, мазмұнын айтады, өлеңді жаттайды; Түсінеді: өлеңнің мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді, өлең жанрын ажыратады; Қолданады: өлең мазмұнының жүйесін сақтай отырып, қайталап айтып береді. Қарым-қатынас жасауда өзі туралы қысқа мәлімет береді. Әдептілік туралы сөздерді есіне сақтайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>	<p>tree, күн-солнце-san, жел-ветер-wind, торғай –воробей-sparrow, гүл-цвет-flowers</p> <p>Түсінеді: Жұмбақтар 1. Аяқсыз - ақ жорғалайды, жүреді. Ауызы да жоқ, сыңғырлайды, күледі. Онсыз бірақ жер бетінде тіршілік жоқ, Айтыңдаршы, осыны кім біледі. Су 2. Өзі көк, көлеңкесі жоқ.</p> <p>3. Қыста шыны боп қатады, жылыда су боп жатады.. Мұз. 4. Көзге көрінгенмен Ұстасаң қолға ілінбейді. Бу. Қолданады: Өлең жаттау Сылдыр-сылдыр,сылдыр су Сылдыр суға бетінді жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың.</p>	<p>жаңылтпаштар айтуға дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, жаңылтпашты қайталайды. Түсінеді: қарапайым сұрақтарды түсінеді. Қолданады: мамандық атауларын қазақша атайды, жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу: слайд,«Мамандықтар». Мамандықтарды суреттермен таныстырады. Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш. Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер. Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы. Ғ-ғ-ғ-ғ- ға-ға-рыш-кер-ғарышкер. , .</p>	<p>білуге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сыпайы сөздер мен сөйлемдерді айтады. Түсінеді: қарапайым сұрақтарды, сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінеді. Қолданады: үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетеді, жай сөйлеммен жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Білу: Дидактикалық ойын: «Не деу керек?» Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ә- ә - ә - ә – ә – әдепті, Әдепті. Ө -ө-ө-өті- не-мін, өтінемін. І-і-і - ке-ші-і-р-і-і-ң-і-і-з, кешіріңіз</p>	
<p>3 үзіліс – Балалардың дербес іс-әрекеті Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары</p>					

Дыбыстық жаттығу

Мақсаты: Дыбыстық гимнастикамен таныстыру, рух пен дененің тынығуы.

*Дыбыстық жаттығуды бастамас бұрын, өзімізді бірқалыпты, жайлы сезінеміз, тік тұрамыз, арқамызды тік ұстаймыз. Алдымен мұрнымызбен терең дем аламыз, ал дем шығарғанда дыбысты қатты, әрі қуатты етіп шығарамыз.

*Келесі дыбыстарды «әндетіп» айтамыз:

*«А» — барлық ағзаға жайлы әсер береді;

*«Е» — қалқанша безге әсер етеді;

*«И» — миға, көзге, мұрынға, құлаққа әсер етеді;

*«О» — жүрекке өкпеге әсер етеді;

*«У» — асқазан маңындағы ағзаларға әсер етеді;

*«Я» — барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;

*«М» — барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;

*«Х» — көңіл-күйді көтеруге әсер етеді.



Психологиялық ойын:

Ойын: «Жунглидағы жаңбыр»

жаттығуы.

Мақсаты: Оқушылардың логикалық ойлауын, көру арқылы есте сақтауын, ойша жұмыс істей білуін дамыту

Ойын шарты:

Нұсқау: - Бір - біріңіздің соңынан шеңбер жасап тұрыңыздар. Жунглида жүрміз деп елестетіңіздер. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына жұғысып жеңіл қимылдар жасаңыз).

Жел көтеріліп желкіді (арқаны қаттырақ басамыз).

Қатты дауыл соқты (қимылдарыңыз күшейіп шеңбер бойында жүргізіледі)

Ұсақ жаңбыр сіркіреді (серіктесіңіздің арқасын саусағыңызбен басасыз)

Кенет нөсер жауын құйды (алақандарыңызбен жоғарыдан төмен қимылдар жасаңыздар).

Бұршақ жауды (арқаны қаттырақ соғамыз).

Тағы да нөсер жауын жауды.

Ұсақ жаңбыр сіркіреді.

Дауыл соқты.

Жел соқты.

Жел басылып келеді.

Ойын– жаттығу: «Жәндіктердің қимылын жасайық»



Құрылымдалған ойын:

Тақырыбы: «Жәндікте неше аяқ бар»

Мақсаты: Балалардың көру қабілеті арқылы байқампаздығы дамиды.

Шарты: Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді. Бұл суреттерде әр түрлі жәндіктер. Балалардың міндеті осы жәндіктердің неше аяғы бар екенін анықтайды.

Күтілетін нәтиже: Балалар жәндіктердің аяқтарын санайды.



4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті



уақыты: 16:00-16:25

	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: Ақылдылар ҮІӨ мақсаты: Қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін жетілдіру. Сапқа, тізбекке, шеңберге (оң-сол, алды-арты) қайта тұруға жаттықтыру. Дағды: Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру.</p>	<p>Музыка Тақырыбы: Біздің рәміздер ҮІӨ мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Халық биін</p>	<p>4. Дене шынықтыру Тақырыбы: Бізбен бірге және бізден артық орында ҮІӨ мақсаты: Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету, гимнастикалық орындық үстінде білегі мен тізесіне таянып еңбектеуді жетілдіру, орындық үстіндегі қимыл-қозғалыс жасай білу дағдыларын дамыту.</p>	<p>4. Музыка Тақырыбы: Жомарт өлкем ҮІӨ мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: Біз болашақ әскерміз ҮІӨ мақсаты: Өртүрлі қимылдар тізбегін орындау дағдыларын дамыту. Бір-бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруді жалғастыру. Дағды: Жерден екі аяқпен</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: жүрудің әртүрлі түрлерін алмастырып жүруді; еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеуді; бір-бірінен 5 м арақашықтықта тұрған заттардың арасынан фитболды домалатып жүруді; екі аяқпен заттар арасымен секіруді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Саусақ гимнастикасы Біздің топтың қыздары мен ұлдары бір-бірімен тату – саусақтарын бір-бірімен айқастырады. Шынашақтар дос болады – шынашақтарын әрі-бері қозғайды. 1, 2, 3, 4, 5 – қайтадан бастап сана. (Шынашақтан бастап әрбір саусақты бір-біріне тигізеді). 1, 2, 3, 4, 5 – біз санап болдық (қолдарын төмен түсіріп, білезіктерін сілкілейді).</p>	<p>үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Дағды: Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ән айту дағдыларын; дауысын дұрыс келтіріп орындайды. Түсінеді: кіріспе музыкадан кейін ән айтуды бастау. Қолданады: халық биін және мәнерлі қимылдарды орындайды, қазақтың ұлттық аспаптарында ойнайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова). Музыка ойналғанда екеуден жұптасқан күйі жеңіл, тізені көтере секіре айналады. Білу: Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай). Балалар қосылып, бір-бірін тыңдап, үндесе ойнауға талпынады.</p>	<p>Күштілікті, ептілікті, төзімділікті дамыту. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, өз денсаулығын бағалай білуді игереді. Күтілетін нәтиже: Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану</p>	<p>ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Дағды: Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: шығарманы тыңдайды, сипаттайды; әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, ән орындайды. Түсінеді: музыкаға сәйкес қимылдар орындау. Қолданады: музыкалық аспаптарда жеке және топпен ойнайды, ойынға қатысады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова). Музыка ойналғанда екеуден жұптасқан күйі жеңіл, тізені көтере секіре айналады. Білу: Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын</p>	<p>бірдей итерілуге жаттыға түсу, ұзындыққа секіруді бекіту. Кеңістікті бағдарлау дағдыларын, өз денсаулығын сақтау құндылығын арттырып, спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: кинезиологиялық гимнастика, алысқа доп лақтыру. Түсінеді: жүру түрлеріне сәйкес қол қозғалы амплитудасы, секірулерді ретпен орындау, қолды алдымен төмен, сосын жоғары-артқа жіберу қимылы. Қолданады: екі аяқпен бірдей итерілуді, баяу жүгіріс дағдыларын, кеңістікті бағдарлау дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p>
--	---	---	--	---	---

		Асатаяк, тоқылдақ, тұяқтас ұрмалы ұлттық аспаптарын қолдану.		түсіндіреді.	
--	--	--	--	--------------	--

4 үзіліс – Балалардың дербес іс-әрекеті
Кинезиологиялық гимнастика

Кинезиологиялық гимнастика		Ойын:	Сюжеттік ойын:
<p>Басын шайқау. Басымызды шайқаймыз, Шайқалмаймыз, байқаймыз!</p>	<p>Иықтарын жазып, көздерін жұмып, бастарын төмен қаратып салбыратады. Терең демалып, бастарын екіжаққа баяу қозғалтады.</p>	<p>Тақырыбы : «Кім жылдам» Мақсаты: Аяқ-қолдарынның бұлшықеттерін дамыту және жылдам қозғалуға үйрету. Шарты: Екі үйдің макеті жасалып құрылады. Ортаға он баладан шығарылады. Балалар тышқан болады да, екі үйдің ішінде мысық және жағымды кейіпкер отырады. Тышқан жүгіріп келіп есікті қағады. Есіктің арғы жағынан жағымды кейіпкер шығып тышқанға ірімшік береді, тышқан ірімшігін алып келіп өз қорына қосады, немесе мысық шығып тышқанды қуа жөнеледі. Мысық тышқанды ұстап алса, ойыншы ойыннан шығып отырады.</p>	<p>«Құлақ-мұрын» Мақсаты: Балалардың дене мүшелерін дұрыс ажырата білуге және ойлау қабілетін дамыту. Ойынның шарты: Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші: құлақ – деп мұрнын ұстайды. Ал балалар айтылған мүшені дұрыс көрсетулері тиіс. Жүргізуші балалардың зейіні мен қабылдауын тексеру мақсатында оларды шатастырып атайды.</p>
<p>Бас изеу. Бас изейміз, жақсылықты қостаймыз, Мамандықты қасымызға қоспаймыз!</p>	<p>Бастарын баяу бір жақ иығына қарай апарып, алдыға-артқа қозғалтып, изей бастайды. Екі иығына кезек- кезек апарып, изейді. Еркін тыныс алады.</p>		
<p>Мойын-иек. Басты төмен түсіріп, Айналдырып шайқаймыз!</p>	<p>Иектерін мүмкіндігінше төмен түсіреді. Иықтарын босатады. Көздерін бақырайтып, иықтарын көтеріп, бастарын екі жаққа кезек-кезек қисайтып қозғалтады.</p>		
<p>«Алақан». Алақанды қысамыз, Құшті болсын қолымыз!</p>	<p>Оң қолдың саусақтарымен сол қол алақанын қаттықысады. Сол қолы қарсы итеріп, қарсыласады. Жаттығуды екі қолмен кезек орындайды.</p>		
<p>«Зейін». Зейін қойып ойнаймыз, Алақан қыспай қоймаймыз!</p>	<p>Оң қолмен дәл солай қайталайды. Сол қолдың алақанын ашып, оның ортасында орналасқан зейінді шоғырландыру нүктесіне оң қолдың бас саусағын қатты басады. Басып тұрып демін ішіне тартады, босатқанда демін сыртқа шығарады. Оң қолмен дәл солай қайталайды.</p>		


«Кел, билейміз!». Бірлесіп билейміз, Аяқты биік көтеріп!	Бас бармағын ішіне бүріп, жұдырықтарын тую. Демінасықпай шығарып тұрып жұдырығын қыса түсу. Сосын қолдарын босаңсыта бастағанда демін асықпай ішке тарту.				
Серуенге дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!»	<p style="text-align: center;">Қараша Серуен-Бақылау №1 Торғайларды бақылау <i>Мақсаты:</i> торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; — күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру. Бақылау барысы: Көркем сөз <i>Қалатындай қиқылдап, Әдетіңді білемін, «Шыық, шыық» еттің шиқылдап, Дайын асқа ортақсың Шашып берген жемімді Торғай, торғай торғайым, Жейсің сонша қиқымдап, Сені әркез қорғаймын Қорқақсың-ау, қорқақсың, Қыстың қамын жаз ойлап, Еңбек десе шорқақсың. Бәріне де бол дайын!</i> Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді. ♦ Торғай қандай болып көрінеді? (Бұл кішкентай пысық құс.) ♦ Ол жайлы үнемі «сұр</p>	<p style="text-align: center;">Қараша Серуен-Бақылау №2 Көгершіндерді (кептерлер) бақылау <i>Мақсаты:</i> — Құстар әлемі туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; — Құстар немен қоректенеді, қайда өмір сүреді, адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды, жабайы көгершіндер неге Қызыл кітапқа енгізілгендігін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз: Құстар менің достарым, Жемін, суын керектін, Құспен қызық аспаным. Күнде апарып беремін Үйшік жасай білемін Олар маз боп қалады, Ағаштарға ілемін Шаттық әнге салады. ♦ Қандай құстар алаңға келіп қонады? ♦ Олар қайда тіршілік етеді? ♦ Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді? ♦ Оларды кім қоректендіреді?</p>	<p style="text-align: center;">Қараша Серуен-Бақылау №3 Емен ағашын бақылау <i>Мақсаты:</i> Күзгі емен туралы түсініктерін қалыптастыру, ағаштардың жыл мезгілдеріне қарай бейімделуі туралы түсінік беру. Бақылау барысы Көркем сөз <i>Білмейтіні жоқ елдің-Өзім де ішіп көргенмін Дейді әжейім</i> <i>Тиектің емі-қашаннан Қабығында еменнің Қайнатындысы Еменнің Қасиеті бар дәрілік.</i> <i>Қабығынан жасалған. Орманда жасыл еменнен құдыретті де әсем ағаш жоқ. Халық ертегілері мен батырлар жырларында алып емендер тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ол алыптар бейнесінде бейнеленеді. Кәрі еменнің діңі мығым, бұтақтары тарам-тарам болады. Емендер мың жылға дейін</i></p>	<p style="text-align: center;">Қараша Серуен-Бақылау №4 Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау Мақсаты: — Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту (қырау, суық соғу, күннің қысқаруы, түннің ұзаруы) — Күн туралы білімдерін тиянақтау (күн ашақ, бірақ жылытпайды). Бақылау барысы Көркем сөз А. Сәрсекөв <i>Күзгі ауланың талдары Кейде құйын өтеді Желмен басын шайқайды Тозаңдатып жан-жақты Дәурен өтіп жаздағы Кейде құйын кетеді Күздің желі соғады Доп қылып ап жапырақты Бейне тентек баладай Ойран-асыр салады</i></p>	<p style="text-align: center;">Қараша Серуен-Бақылау №5 Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау <i>Мақсаты:</i> ағаштар туралы түсініктерін қалыптастыру (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары). Бақылау барысы Көркем сөз С. Оспанов Өсе бере сан гасыр Шыршаларға тимек кім Болып таудың түр-сәні Қорғалады орманы Жапырағы жап-жасыл Ол жеміс пен жидектің, Көрдің бе сен, шыршаны? Топырақтың қорғаны. Балаларға сұрақтар: -Біздің аулада қандай ағаштар өседі? (қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.) -Ал, бұлар қандай ағаштар? (тікпенекті, жапырақты.) -Жапырақты ағаштардың тікенекті ағаштардан қандай</p>

	<p>торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы кызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар)</p> <p>◆ Ал қанаты мен құйрығы қандай? (<i>құйрығы-қара-қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген</i>)</p> <p>◆ Ал басының түсі қандай? (<i>Сұр</i>)</p> <p>◆ Торғайлар қайда өмір сүреді? (<i>қалада және ауылда.</i>)</p> <p>◆ Ия, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? (<i>адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.</i>)</p> <p>◆ Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады. Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? (<i>подъездің немесе балконның күнқағарларына.</i>)</p> <p>◆ Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек)</p> <p>◆ Күзде торғайлар немен қоректенеді? (<i>өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды</i>)</p> <p>Еңбек Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру. <i>Мақсаты:</i></p>	<p>◆ Көгершіндер қайда мекендейді?</p> <p>◆ Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады. Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.</p> <p>Зерттеу қызметі Кептер мен торғайды салыстыру</p> <p>Еңбек: Балабақша аумағына жем салғыш ілу <i>Мақсаты: еңбек әрекетін орындауға үйрету.</i></p> <p>Қимылды ойын: «Ұшады, с екіреді, жүзеді». <i>Мақсаты:</i> — балаларды жүкіруге үйрету; . — зверей.құстардың, аңдардың, балықтардың аттарын есте сақтау</p> <p>Жаттығу ойындары: «Қаданы (кегли) құлат». <i>Мақсаты:</i> — Допты нысанаға лақтыру; — Назар аударуларын, дәлдіктерін дамыту. —</p> <p>Халық болжамы: <i>-құс жүнін үрпитсе, жауын болады;</i> <i>-жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады;</i> <i>-құстар асыға қоректенсе ауарайы бұзылады.</i></p>	<p><i>өмір сүреді, олар көктемде ең кеш көктейді. Ол өте зор, мықты ағаш болғанмен, қатты аяздарда жарылып кетеді.</i></p> <p>◆ Емендер көбіне қайда өседі? (<i>орманда.</i>)</p> <p>◆ Ал бұл ағаш қайда өсіп тұр? (<i>қалада.</i>)</p> <p>◆ Қалада тағы қандай ағаштар өседі?</p> <p>◆ Ағаштар қалаға не үшін керек? (<i>ағаш жапырақтары ауадағы көмір қышқыл газын бойына сіңіріп оттегін бөліп шығарады..</i>)</p> <p>◆ Ағаш жапырақтары қай уақытта түседі? (<i>күз айларында.</i>)</p> <p>◆ Ағаш жапырақтары неге түседі? (<i>ағаштардың қыста көп ылғалды жоғалтпасы үшін</i>)</p> <p>◆ Емен ағашының адамға қандай пайдасы бар? (<i>құрлыққа, жиһаздар жасауға және емдік қасиеттері бар</i>)</p> <p>Зерттеу жұмысы Ауладағы бірнеше ағаш жапырақтарының түстерін салыстыру <i>Мақсаты:</i> ағаш жапырақтарының түстерінің әртүрлілігін аңғарту</p> <p>Еңбек Жерге түскен ағаш жапырақтарын тырмамен жинау және оны тазалау <i>Цель:</i> ұжыммен жұмыс істеуге деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Қ/О: «Аққу-қаздар». <i>Мақсаты:</i> берілген тапсырма бойынша</p>	<p><i>Алма бағын жағалай Алмаларын қағады</i> Күз мезгілінің аяқ жағын «күміс күз» деп те атайды. Суларда алғашқы жылтыр мұздар пайда болады. Жерге алғашқы күмістей жылтыраған алғашқы қар ұшқындары түседі. Жердегі жапырақтар үстіне қонған қыраумен күн сәулесінен күмістей жылтырайды. Күзде күн көзі сирек көрінеді, ауарайы бұлыңғыр, бұлтты болады. Алғашқы қар түседі, ол бірақ еріп кетуі мүмкін</p> <p>Балаларға сұрақтар: ◆ Қыс алдындағы күндерді қалай атайды? (<i>Күміс күз.</i>) ◆ Неліктен? Жұмбақ шешу: Қар да емес, мұз да емес, Ағаштар күміс жамылған (қырау)</p> <p>Еңбек: Ауладағы қоқыстарды жинау. <i>Мақсаты: жасаған жұмыстарынан қанағат алуға тәрбиелеу .</i></p> <p>Қ/О: «Бәйге» <i>Мақсаты:</i> — Бір-біріне соқтықпай жүкіруге жаттықтыру ; — Төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Жаттығу ойындары: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру. <i>Мақсаты: Төбешікке жүкіріп шығу, жүкіріп тусу</i></p> <p>Халық болжамы:</p>	<p>айырмашылықтары бар? -Олардың ортақ қандай ұқсастықтары бар? (<i>діңі, бұтағы, тамыры</i>) -Ағаштар өсу үшін қандай жағдайлар сақталуы керек? -Ағаштардың халық шаруашылығына және медицинаға қандай пайдасы бар?</p> <p>Еңбек: Ойын алаңын тазалау. <i>Мақсаты:</i> жұмысты өзара бөлісіп атқаруға үйрету</p> <p>Қ/О: «Жұбынды қуып жет». <i>Мақсаты: кедергіден өтіп жүкіруге жаттықтыру</i></p> <p>Жаттығу ойындары: Орнында тұрып ұзындыққа секіру <i>Мақсаты:</i> — Екі аяқпен серпи секіруге жаттықтыру Мақал-мәтел. <i>-Жалғыз ағаш орман болмас</i> <i>-Жалғыз ағаш желге төтеп бере алмайды.</i></p>
--	---	--	--	--	--

	<p>— Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету; — Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қ/О: «Құстардың ұшуы». <i>Мақсаты: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету.</i> Жаттығу ойындары: «Жалауды құлатпа» <i>Мақсаты: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру</i></p>		<p><i>жүкіруге жаттықтыру</i> Жаттығу ойындары Бір аяқпен секіру. <i>Мақсаты: барынша биік секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру</i> Мақал-мәтел -Аяламасаң ағаш та аспандап өспес -Орман ел дәулеті, жер сәулеті.</p>	<p>-Түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды -Ағашты қырау басса аяз болады.</p>	
--	--	--	--	--	--

Балаларды үйге қайтару. 17:30-17:45

<p>«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>
---	---	---	--	--	--

Бекітемін: 

Мектепалды даярлық МАД сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Көсембай негізгі мектебі
Топ: Мектепалды даярлық 0 сыныбы
Балалардың жасы: 5-6 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 14.11 – 18.11. 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 14.11	Сейсенбі 15.11	Сәрсенбі 16.11	Бейсенбі 17.11	Жұма 18.11
Балаларды қабылдау 13:30-13:40	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
